КӘСІПОДАҚ ҰЙЫМЫНЫҢ АТҚАРҒАН ЖҰМЫСТАРЫ ТУРАЛЫ ҚОРЫТЫНДЫ ЕСЕБІ

Кәсіподақ ұйымының атауы: *«Оқу-ағарту, бюджеттік ұйымдар, ғылым және жоғары білім қызметкерлерінің "Жетісу" жергілікті кәсіподағы» қоғамдық бірлестігінің «І. Жансүгіров атындағы Жетісу университеті» коммерциялық емес акционерлік қоғамының кәсіподақ филиалы*
Кәсіподақ ұйымының төрағасы: *Исабаев Абимурат Кажимуратович*
Есепті кезең: *01.04.2023-31.08.2024 ж.*

Кіріспе

Кәсіподақ ұйымы 2023-2024 жылында өз қызметін қолданыстағы заңнама талаптарына, кәсіподақ ұйымының жарғысына, ұжымдық шартқа және жылдық жұмыс жоспарына сәйкес жүргізді.

Кәсіподақ ұйымының негізгі мақсаты – білім беру ұйымы қызметкерлерінің еңбек құқықтары мен заңды мүдделерін қорғау, әлеуметтік-экономикалық жағдайларын жақсартуға ықпал ету, еңбек ұжымындағы тұрақтылық пен өзара ынтымақтастықты қамтамасыз ету.

Есепті кезеңде кәсіподақ ұйымы қызметкерлердің әлеуметтік жағдайына, еңбек құқықтарының сақталуына, материалдық және моральдық қолдау көрсетуге, мәдени-көпшілік және қоғамдық іс-шараларды ұйымдастыруға ерекше көңіл бөлді.

2023-2024 ОҚУ ЖЫЛЫНДА АТҚАРЫЛҒАН ЖҰМЫСТАР:

Кәсіподақ мүшелерін сауықтыру – ынталандыру жұмыстарымен тікелей байланысты бағыт. Кәсіподақ мүшелерін сауықтыру бойынша 2023-2024 оқу жылында 12 қызметкер 50% жеңілдікпен отандық шипажайларда сауықтырылса, 15 қызметкер «Жаркент-Арасан» шипажайында тегін ем алды. Жұмсалған қаржының жалпы көлемі – **1 116 750 теңге.**

2023-2024 оқу жылында материалдық көмекке жалпы жұмсалған қаржы – **1 045 000 теңге.**

Денсаулығына байланысты күрделі ота жасалған, жақыны қайтыс болған жағдайдағы 36 кәсіподақ мүшесіне көмек көрсетіліп, көп балалы, жалғыз басты, асыраушысынан айырылған, мүгедек баланы тәрбиелеуші 11 қызметкерге бір реттік материалдық көмек аударылды.

Мерей жасқа (50, 60, 70, 75, 80, 85) толған, зейнетке шыққан кәсіподақ мүшелеріне жалпы **650 000 теңге** сыйақы аударылды.


Сонымен қатар спорттық шараларға да назар аударылды. **Басты мақсатымыз** – кәсіподақ мүшелері арасында салауатты өмір салтын насихаттау, спорттық-жолдастық қарым-қатынасты нығайту.

2023-2024 оқу жылы кәсіподақ пен спортклуб бірлесе ұйымдастыруымен өткен спорттық шараларға жұмсалған қаржы көлемі – **655 000 теңге.**

Жыл сайын университет профессор-оқытушылар құрамы мен қызметкерлері арасында өтетін дәстүрлі Спартакиада ойындары қаржыландырылып (220 000 теңге), жеңімпаз командалар марапатталды. Жалпы командалық есепте Жаратылыстану жоғары мектебі 1 орын, Техникалық ғылымдар жоғары мектебі 2 орын, Гуманитарлық ғылымдар жоғары мектебі 3 орын иеленді.




«Әкем, анам және мен біз спорттық жанұя» атты отбасылық жарысының(75 000 теңге) жеңімпаздары марапатталды. Жарыс қорытындысы бойынша Жаратылыстану жоғары мектебінің командасы 1 орын, Zhansugurov college командасы 2 орын, Педагогика және психология жоғары мектебінің командасы 3 орынды иеленді.

Шағын футболдан «Басқарма Төрағасы – Ректор Кубогі» жарысының(100 000 теңге) жеңімпаздары ақшалай сыйлықпен марапатталды. 1 орынды Жаратылыстану жоғары мектебі, 2 орынды Техникалық ғылымдар жоғары мектебі, ал 3 орынды Ректорат командасы жеңіп алды.




Сонымен қатар университет оқытушыларынан құралған футбол командасының шағын футболдан Талдықорған қаласының чемпионатына қатысуына(260 000 теңге) қаржылай қолдау көрсетілді.

2023-2024 оқу жылында мерекелік іс-шараларға жалпы 7 379 035,8 теңге жұмсалынды. Оның ішінде:

«8 наурыз – Халықаралық әйелдер күніне» орай І. Жансүгіров атындағы Жетісу университетінде «Әйел әлемнің шуағы» атты салтанатты жиын өткізілді. Көп жылдық жемісті еңбегі, кәсіби шеберлігі үшін бірқатар қызметкер «Ілияс Жансүгіров» төсбелгісімен, Басқарма төрағасы-Ректордың «Құрмет грамотасы», «Алғыс хатымен» марапатталды.

Педагогика және психология жоғары мектебінің оқытушы-ассистенті, магистр Диляра Сарсекулова, Дене шынықтыру және өнер жоғары мектебінің хатшысы Құндыз Дуанаева, Техникалық ғылымдар жоғары мектебінің хатшысы Еркежан Магзумова «Оқу-ағарту, бюджеттік ұйымдар, ғылым және жоғары білім қызметкерлерінің "Жетісу" жергілікті кәсіподағының» Құрмет грамотасымен марапатталды.

Университет кәсіподағы тарапынан сахна безендіру және ықылас сыйлығына 185 268 теңге жұмсалды.




І.Жансүгіров атындағы Жетісу университетінің ұжымы Наурыз мерекесін сән-салтанатымен атап өтті. Ұлыстың ұлы күніне арналған шара Студенттер үйінің алаңында өткізілді. Алаңға алтыбақан, ұлттық нақышта безендірілген киіз үйлер орнатылып, кәсіподақ тарапынан мерекелік дастархан жайылды.

Дәстүр бойынша ұлттық спорт түрлерінен жарыстар да өткізілді. Жиналған қауым қазақ күресі, қол күресі, тоғызқұмалақ, асық ату, лаңгі тебу және т.с.с. ойындар бойынша бақ сынасты. Жеңімпаздар кәсіподақ атынан спортқа арналған сыйлықтармен марапатталды. Тілек білдірушілер қошқар көтеруден де сайысқа түсті.

Сонымен қатар ерлер және әйелдер арасында «Үздік ұлттық киім» жеңімпаздары анықталып, кәсіподақ тарапынан сыйлық ретінде демалыс мекемесіне сертификат табысталды. Шара концерттік бағдарламамен жалғасты.

Әз-Наурыз мерекесін тойлауға 3 467 996 теңге қаражат жұмсалды.




І. Жансүгіров атындағы Жетісу университетінде 2024 жылдың 26 сәуірі «Ілияс әлемі» атты дәстүрлі республикалық студент-жастар фестивалі өтті. Фестивальға республиканың жоғары оқу орындары мен колледж білім алушылары қатысты. Фестиваль аясында жыр мүшәйрасы, мәнерлеп оқу, сахналық көрініс бойынша сайыс ұйымдастырылды.

Сонымен қатар Ілияс Жансүгіров ескерткішіне гүл шоқтары қойылды. Осыған орай университет кәсіподағынан қаржылай қолдау көрсетілді (40 000 теңге).




Жаратылыстану-техникалық факультетінің ұйымдастыруымен өткен «Кім тапқыр?» зияткерлік ойынына кәсіподақ тарапынан қаржылай қолдау көрсетіліп, жеңімпаздар сыйлықтармен марапатталды (21 290 теңге).




Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің тапсырмасымен мектепке дейінгі оқыту және тәрбиелеу білім беру бағдарламасы бойынша XV республикалық олимпиада өткізілді. Олимпиада жеңімпаздары Алғыс хаттармен, оқытушылар құрамы ақшалай сыйлықтармен марапатталды. Сахна безендіру жұмыстарына қаражат бөлінді (174 000 теңге).





«24 қазан – Кітапханашылар күніне» орай кітапханада құттықтау шарасы ұйымдастырылды. Іс-шара барысында кәсіподақ төрағасы Абимурат Исабаев кітапханашылардың еңбегі мен кітап оқудың маңыздылығына тоқталып, кітапханашыларға еңбегі үшін алғыс айтып, жылы лебізін білдірді (35 360 теңге).




Кәсіподақ мүшелерінің балаларына жаңа жылдық тәтті сыйлықтарға 1 304 389,8 теңге жұмсалынды.

2024 жылы Ақтау қаласында ҚР Ғылым және жоғары білім министрлігінің ұйымдастыруымен өткен Жоғары оқу орындарының көрмесіне университ оқытушылар құрамы қатысуына байланысты университеттің фирмалық киімдерін дайындауға кәсіподақтан 465 000 теңге қаражат бөлінді.

Мерекелік іс-шаралар кезінде сахна безендіру жұмыстарына 168 000 теңге, сенбілік кезінде кәсіподақ мүшелеріне ыстық шай ұйымдастыру 35 000 теңге, қосымша іс-шараларға (аттестация, құттықтау) 43 232 теңге жұмсалды.

Гүл шоқтарына (мерей жас иегерлері, зейнетке шығу, марапат иегерлерін құттықтау, Ескерткіштер күні, Қуғын-сүргін құрбандарын еске алу және т.с.с.) 1 166 500 теңге, кәсіподақ мүшелерін құрметтеу шараларына ұлттық шапан, камзол алуға 273 000 теңге жұмсалынды.



Басқа да шығындарға кеткен қаражат – 378 490 теңге. 1С бағдарламасын ақпараттық қолдау қызметіне 64 000 теңге, Банк қызметі комиссиясына 79 650 теңге, Кеңсе тауарларына 56 650 теңге қаражат жұмсалды.

Еңбек демалысы кезінде Алакөл жағалауында орналасқан «Ақши» демалыс аймағына 33 университет қызметкері отбасымен демалды. Демалыс аймағы кәсіподақ тарапынан қажетті тұрмыстық заттармен қамтамасыз етіліп, 178 190 теңге жұмсалды.

«Оқу-ағарту, бюджеттік ұйымдар, ғылым және жоғары білім қызметкерлерінің "Жетісу" жергілікті кәсіподағы» қоғамдық бірлестігіне жарна (10%) 2 953 514,8 теңге аударылды.

«І. Жансүгіров атындағы Жетісу университеті» коммерциялық емес акционерлік қоғамының кәсіподағының 2023-2024 оқу жылында атқарған жұмысына қорытынды

№	Атауы	2023-2024 о.ж.
1	**Емдік-сауықтыру жұмыстары**	**1 116 750**
	Шипажайда ем қабылдау	1 116 750
	Балаларды жаздық лагерьде демалту	-
2	**Материалдық көмек (жақындары қайтыс болуына, ақылы ота жасалуына байланысты)**	**1 045 000**
3	**Мерей жас (50,60,70,75,80,85) иегерлеріне сыйақы**	**650 000**
4	**Спортттық іс-шаралар:**	**655 000**
	«Әкем, анам және мен» отбасылық жарысы	75 000
	Футболдан «Ректор кубогі»	100 000
	Дәстүрлі Спартакиада ойындары	220 000
	Футболдан қалалық чемпионатқа қатысу	260 000
5	**Жалпы іс-шаралар:**	**7 379 035,8**
	Құттықтау гүлдері	1 166 500
	«Кім тапқыр?» зияткерлік ойыны	21 290
	«8 наурыз» мерекесі	185 268
	«әз-Наурыз» мейрамы	3 467 996
	XV республикалық олимпиада	174 000
	«Ілияс Әлемі» фестивалі	40 000
	Кітапханашылар күні	35 360
	Қазақи шапан, камзол	273 000
	Жаңа жылдық тәттілер	1 304 389,8
	Сахна безендіру жұмыстары	168 000
	ЖОО жәрмеңкесі	465 000
	Іс-шараларға қосымша заттар(су, сувенир)	43 232
	Сенбілікте қолдау көрсету	35 000
6	**Басқа шығындар:**	**378 490**
	1С қолдау қызметі	64 000
	«Ақши» демалыс аймағына тұрмыстық тауарлар	178 190
	Банк комиссиясы	79 650
	Кеңсе тауарлары	56 650
7	**10% облыстық кәсіподаққа**	**2 953 514,8**
8	**Жалпы шығындар:**	**14 177 790,6**

Кәсіподақ ұйымының
2023-2024 оқу жылына қаржылай көмек Сметасы

№	Қаржылай көмек атауы	Сумма
1	Мерей жас иелері (50, 60, 70, 75, 80, 85 жас)	10 000 теңге
2	Зейнетке шыққан оқытушы-профессорлар мен бөлім қызметкерлері	10 000 теңге
3	Материалдық-қаржылай көмек:	
	- жақындары(әкесі, анасы, жұбайы) қайтыс болғанда	15 000 теңге
	- денсаулығына байланысты	15 000 теңге
	- қызметкердің өзі қайтыс болғанда отбасына	50 000 теңге
4	Шипажайда ем қабылдағандарға жеңілдік:	
	- 250 000 теңгеге дейін	50%
	- 250 000 теңгеден асса	30%